

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2011 жылғы 1 тамыздағы ағымдағы жағдайы**

2011 жылғы 1 тамызда 11 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Шілде айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

15 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 12 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 2 496,2 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 8 084 510 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны шілдеде 20 767 (0,3%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 49,8 млрд. теңге (2,4%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 тамызда міндетті зейнетақы жарналары бойынша барлық қорлар салымшыларының жалпы санының салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 27,0%, «МЖЗҚ» – 22,9% және «Ұлар Үміт» – 20,6%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 тамыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 432 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны шілдеде 217 бірлікке (0,6%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 109,5 млн. теңгемен 4 092 болды.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты шілдеде 49,8 млрд. теңгеге (2,0%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 тамызда 2 502,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі шілдеде 31,8 млрд. теңгеге (1,7%) азайып, 2011 жылғы 1 тамызда 1 804,7 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 576,1 млрд. теңге болды. Шілдеде «таза» инвестициялық кіріс 11,2 млрд. теңгеге (2,0%) ұлғайды.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 тамызға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.10	1.01.11	1.08.11	1.01.11 салыстырған-дағы өсім	1.01.11 (%) салыстырған-дағы өсім
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 502,0	243,8	10,8
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	1 804,7	- 17,0	- 0,9
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	576,1	4,7	0,8
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	23,0	-	-2,3%-дық тармаққа

2011 жылғы 1 тамызда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 6 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 845,7 млрд. теңге (33,8%), «МЖЗҚ» – 442,6 млрд. теңге (17,7%), «Ұлар Үміт» – 416,3 млрд. теңге (16,6%), «Грантум» - 209,0 (8,4%), «Капитал» – 129,9 млрд. теңге (5,2%) және «Еуразиялық ЖЗҚ» - 128,5 (5,1%), барлық қорлардағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінің немесе осы 6 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 86,8% келеді.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы шілдеде 0,7 млрд. теңгеге (5,5%) азайып, 2011 жылғы 1 тамызда 11,5 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 202,8 млрд. теңге болды немесе шілдеде 0,1 млрд. теңгеге (0,5%) кеміді.

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 8,5 млрд. теңгеге 5 587 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 тамызда 23,1 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару 1 183,2 млрд. теңгені құрады .

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы шілдеде 53,5 млрд. теңгеге немесе 2,2%-ға өсіп, 2 507,6 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 тамыздан бастап 2011 жылғы 1 тамызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 38,0 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ЖЗҚ	зейнетақы активтер	
	млн. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ	847 384	33,79
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ		
"МЖЗҚ" ЖЗҚ" АҚ	443 846	17,70
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	416 151	16,60
"Ұлар Үміт" ЖЗҚ" АҚ	416 151	16,60
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	209 581	8,36
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	209 581	8,36
"Еуразиялық ЖЗҚ"	130 124	5,19
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	130 030	5,19
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	91 644	3,65
"Атамекен" ЖЗҚ" АҚ "Нұрбанк" АҚ ЕҰ	76 783	3,06
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	69 166	2,76
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	68 512	2,73
"Қазақмыс" ЖЗҚ" АҚ	24 362	0,97
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>2 507 583</b>	<b>100</b>

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 1 айда 49,8 млрд. теңгеге немесе 2,0%-ға өсіп, 2011 жылғы 1 тамызда 2 452,9 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі 2011 жылғы 1 тамызда 1 129,5 млрд. теңгеге сәйкес болып, инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 46,1%-ын құрады. Шілдеде ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 28,5 млрд. теңгеге өсті.

2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі 746,8 млрд. теңгеге сәйкес болып, инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 30,4%-ын құрады.

Доля негосударственных ценных бумаг эмитентов РК по состоянию на 1 августа 2011 года составила 30,4% от общего объема инвестированных пенсионных активов что соответствует 746,8 млрд. тенге. Шілдеде ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының көлемі 17,6 млрд. теңгеге өсті.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.07.2011 ж.		1.08.2011 ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>1 101 010</b>	<b>45,79</b>	<b>1 129 548</b>	<b>46,05</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	916 567	38,12	931 456	37,98
Ұлттық Банктің ноттары	178 805	7,44	192 430	7,84
жергілікті атқару органының бағалы қағаздары	5 638	0,23	5 662	0,23
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>233 102</b>	<b>9,69</b>	<b>230 902</b>	<b>9,41</b>
акциялар	88 293	3,67	91 962	3,75
облигациялар	144 809	6,02	138 940	5,66
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>57 011</b>	<b>2,37</b>	<b>58 890</b>	<b>2,40</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>32 682</b>	<b>1,36</b>	<b>33 856</b>	<b>1,38</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>79 400</b>	<b>3,30</b>	<b>71 454</b>	<b>2,91</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>729 170</b>	<b>30,32</b>	<b>746 787</b>	<b>30,45</b>
акциялар	163 255	6,79	160 109	6,53
облигациялар оның ішінде:	565 915	23,53	586 678	23,92
шетел валютасында номинирленген	20 016	0,83	18 684	0,76
теңгеге номинирленген	545 899	22,70	567 994	23,16
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>172 942</b>	<b>7,19</b>	<b>182 191</b>	<b>7,43</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>-557</b>	<b>-0,02</b>	<b>-723</b>	<b>-0,03</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>2 404 760</b>	<b>100</b>	<b>2 452 905</b>	<b>100</b>

ҚР эмитенттері бағалы қағаздардың шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2011 жылғы 1 тамызда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,8%-ын құрады, абсолюттік мәні бойынша 19,0 млрд. теңге болды.

### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 5 жылдық кезеңде (2006 жылғы шілде – 2011 жылғы шілде) – 35,45% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,58%). Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 35,15%;

- 3 жылдық кезеңде (2008 жылғы шілде – 2011 жылғы шілде) – 13,89% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 23,76%);


- 12 айда (2010 жылғы шілде – 2011 жылғы шілде) – 5,87% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 8,5%).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 тамызда 2011 жылғы 1 шілдедегі көрсеткішпен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,14 пайыздық тармаққа өсті;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,36 пайыздық тармаққа көбейді;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,19 пайыздық тармаққа көбейді.

2010 жылғы қаңтардан бастап 2011 жылғы маусымға дейінгі кезеңде 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 47,52 мәнінен 35,45 мәніне дейін төмендеу үрдісі байқалады.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 88,2 млрд. тенге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 46,2 млрд. тенге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 53,9%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 89,4 млрд. тенге болды.

2011 жылғы қаңтар - шілде айларында 2 қор («Республика» және «Отан») жалпы сомасы 0,6 млрд. тенге шығынға ұшырады, бұл ретте 9 қор жалпы сомасы 10,0 млрд. тенге пайда алды. Қорлардың кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 тамызда 9,4 млрд. тенге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 73,0 млрд. тенге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 81,7%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 55,0%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 18,4%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 22,8%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 1,3%-ын орналастырды.

## Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

<b>Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы</b>	<b>1.01.06</b>	<b>1.01.07</b>	<b>1.01.08</b>	<b>1.01.09</b>	<b>1.01.10</b>	<b>1.01.11</b>	<b>1.08.11</b>
ЖІӨ млрд.теңге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 815,5	23 780,9*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	10,4	10,5
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	8,4	7,6
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	2,6	2,4
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,4

\* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері